

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 23 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 14997 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаздағы және электрондық түрдегі көшірмелерін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 7-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Министр _____ Д.Абаев

2017 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Министр _____ Т.Сүлейменов

2017 жылғы 7 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі
Басқармасының
2017 жылғы 28 қаңтардағы
№ 23 қаулысымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.11.2020 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.11.2019 № 196 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өтуге қосылу шартына екінші деңгейдегі банктердің қосылуы жөніндегі өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4430 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіруге қосылу шартына екінші деңгейдегі банктердің қосылуы туралы өтініш нысанын бекіту туралы";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіруге қосылу шартына екінші деңгейдегі банктердің қосылуы туралы өтініш нысаны бекітілсін.";

қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыра алатын туынды бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдары базалық активтерінің тізбесін және оларды сатып алу тәртібін, сондай-ақ қайталама нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау жағдайларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4892 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Екінші деңгейдегі банктер жүргізуін орталық депозитарий жүзеге асыратын ұйымдастырылмаған нарықта жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу үшін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12957 тіркелген, "Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысының және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес апта сайын есепті кезеңнен кейінгі аптаның бірінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 14-00-ден кешіктірмей орталық депозитарийге ақпарат береді. Ақпарат сол ақпаратты беру күнінде қолданыста болған ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен барлық мәмілелер, сондай-ақ есепті кезеңде жасалған және орындалған мәмілелер бойынша беріледі."

5. "Ислам банкін таңдау және оған таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозит туралы шарты бойынша тартылған ақша есебінен сатып алынған мүлігі мен инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелерін беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы № 51 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5664 тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырда "Заң газеті" газетінде № 80 (1503) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Ислам банкін таңдау және оған инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлікті беру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Ислам банкін таңдау және оған инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлікті беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банкін таңдау және оған инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлікті беру қағидаларында:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Ислам банкін таңдау және оған инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлікті беру қағидалары";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы Заң) 74-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және ислам банкін таңдау және оған инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлікті беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

бірінші абзац мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. Қағидаларды қолдану мақсатында мына ұғымдар қолданылады:";

7) тармақша мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"7) таратылатын ислам банкінің мүлкі мен міндеттемелері – инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлік";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

8) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.";

3-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"3. Қағидаларға сәйкес таратылатын ислам банкінің мүлкі мен міндеттемелерін беруге негіз болып заңдық күшіне енген ислам банкін мәжбүрлеп тарату жөніндегі соттың шешімі не уәкілетті органның ислам банкін ерікті тарату жөніндегі рұқсаты табылады.";

19-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"19. Қағидаларда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шешіледі."

6. "Банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған, міндеттемелеріне банк немесе банк холдингі кепілдік берген облигациялармен мәмілелер жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7507 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және банк немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған облигациялармен мәмілелер жасау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және банк немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған облигациялармен мәмілелер жасау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған, міндеттемелеріне банк немесе банк холдингі кепілдік берген облигациялармен мәмілелер жасау қағидаларында:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және банк немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған облигациялармен мәмілелер жасау қағидалары";

кіріспесі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және банк

немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған облигациялармен мәмілелер жасау тәртібін айқындайды.";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Банктің немесе банк холдингінің меншікті облигациялармен және банк немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған облигациялармен мәмілелер жасау туралы шешімді банктің немесе банк холдингінің директорлар кеңесі (немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында банк холдингі құрылған жағдайда байқау кеңесі) ішкі құжаттарға сәйкес қабылдайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банк немесе банк холдингі сатып алған меншікті облигациялар және банк немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдарының облигациялары туралы есеп (бұдан әрі – есеп) банктің немесе банк холдингінің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша қағаз тасымалдағышта жасалады және оған банктің немесе банк холдингінің бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға, банктің немесе банк холдингінің бас бухгалтері қол қояды, мөрмен (бар болса) куәландырылады және банкте немесе банк холдингінде осы есеп жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақталады.";

6-тармақ алып тасталсын.

7. "Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 67 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7552 тіркелген, 2012 жылғы 19 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 330-335 (27409) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптар бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларында және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарда:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптар";

кіріспесі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Осы Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – Сақтандыру туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы (бұдан әрі – қаржы ұйымының ірі қатысушысы және (немесе) банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу тәртібін және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарды белгілейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке немесе заңды тұлға қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтерді, заңды мекенжайы (тұрғылықты жері), қаржы ұйымының сатып алынатын акцияларының саны, олардың құны, қаржы ұйымының сатып алуы болжанып отырған акциялары санының банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының тиісінше орналастырылған (артықшылықты және сатып алынғандарын шегергенде) акцияларының санына және (немесе) дауыс беруші акцияларының санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді көрсетіп, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректер мен мәліметтерді жинауға және өңдеуге келісім бере отырып, қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы (бұдан әрі – өтініш беруші) мәртебесін иеленуге еркін нысанда жасалған өтінішті береді.

Заңды тұлға банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленген жағдайда, заңды тұлға Банктер туралы заңда және Сақтандыру туралы заңда көзделген тәртіппен бірмезгілде банктің және (немесе) банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымды құруға (иеленуге) рұқсат алуға немесе банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымның және (немесе) сақтандыру холдингінің жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға өтініш береді.";

5-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы ұйымының қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауы жағдайында қаржы ұйымының қайта капиталдандыру жоспарында мынадай ақпарат болады:

қаржы ұйымының ағымдағы ахуалын бағалау;

банктің қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауының есебі және нашарлауға әсер ететін өлшемшарттар (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және басқа да көрсеткіштерінің нашарлау жағына қарай өзгеруі);

қаржы ұйымының меншікті капиталын пруденциялық нормативтер және басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер, қосымша кірістер алу жөніндегі іс-шаралар және басқа да іс-шаралар орындалатын шамаға дейін қалпына келтіруге бағытталған қаржы ұйымының қаржылық жағдайын сауықтыру жөніндегі іс-шараларды (ақша салынымының сомасын және дереккөздерін көрсете отырып) жан-жақты сипаттау;

қаржы ұйымының қаржылық жағдайын сауықтыру жөніндегі іс-шараларды орындаудың күнтізбелік мерзімі;

сауықтыру іс-шараларының болжанатын экономикалық әсері (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және басқа да көрсеткіштерінің өзгеруі).";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Уәкілетті орган қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін берілген өтініш бойынша шешімді өтінішті бергеннен кейін 3 (үш) ай ішінде қабылдайды.

Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған кезде уәкілетті орган жеке немесе заңды тұлғаға пошта, факсимильді байланыс және (немесе) электрондық пошта арқылы ескертулерді және оларды жою мерзімін көрсете отырып, хат жібереді.

Жеке немесе заңды тұлға ескертулерді жояды және келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды жіберілген жазбаша хабарламада уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсынады.";

3-тараудың тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"3. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның берген келісімін кері қайтарып алу тәртібі";

21-тармақтың бірінші бөлегі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"21. Уәкілетті орган қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге берген келісімін Банктер туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша кері қайтарып алады.";

1, 2 және 3-қосымшалар Тізбеге 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

8. "Банктік және сақтандыру холдингтерінің қаржылық есептілікті жариялау тәртібі мен мерзімдері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 138 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7648 тіркелген, 2012 жылғы 16 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінде № 516-521 (27594) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ алып тасталсын.

9. "Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздарды және банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 72 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8409 тіркелген, 2013 жылғы 26 маусымда "Заң газеті" газетінде № 93 (2294) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптар бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздарды және банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптарда:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптар";

кіріспесі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Осы Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер) олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруіне қойылатын талаптарды белгілейді.";

1-тармақтың үшінші абзацы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"жеке тұлғаның қаржылық жай-күйі "тұрақты" деп жіктелген жағдайда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7510 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес-заңды тұлғаларға барлық берілген банктік

қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандағы № 80 қаулысында (бұдан әрі – № 80 қаулы) белгіленген мөлшерден аспайтын, барлық банктік қарыздар мен банк кепілдіктерінің жалпы көлемінің шегінде банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін береді.";

2-тармақтың үшінші абзацы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі "тұрақты" деп жіктелген жағдайда № 80 қаулыда белгіленген мөлшерден аспайтын, барлық банктік қарыздар мен банк кепілдіктерінің жалпы көлемінің шегінде банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін береді.";

3-тармақтың үшінші абзацы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі "тұрақты" деп жіктелген жағдайда банктің меншікті капиталының 0,05 пайызынан аспайтын мөлшерде банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін береді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бас банк өзінің күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерін иемденетін және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9486 тіркелген "Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымның қызметі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 71 қаулысының талаптарына сәйкес келетін күмәнді және (немесе) үмітсіз активтер бойынша талаптар құқығы түріндегі қамтамасыз етуге ие еншілес ұйымдарына № 80 қаулыда белгіленген мөлшерден аспайтын барлық банктік қарыздар мен банк кепілдіктерінің жиынтық көлемі шегінде банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін береді.";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Екінші деңгейдегі банктердің
олармен ерекше қатынастар
арқылы байланысты
тұлғаларға және заңды
тұлғаларға
(Қазақстан Республикасының
резиденттеріне
және резиденті еместерге)
банктік қарыздар мен банк
кепілдіктерін
беруі жөніндегі талаптарға
қосымша".

10. "Банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында активтер мен

міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидаларын, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 77 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11158 тіркелген, 2015 жылғы 27 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидаларын, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерін бекіту туралы";

1-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидалары, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлері бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидаларында, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерінде:

тақырыбы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында активтер мен

міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидалары, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлері";

кіріспесі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Осы Банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидалары, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлері (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және банк активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен Банктер туралы заңға сәйкес оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк арасында еншілес банктен бас банкке активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде және міндеттемелерді толық мөлшерде беру және бас банктен еншілес банкке күмәнді және үмітсіз активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде беру жолымен активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ уәкілетті органның осы операцияларды келісу тәртібін, көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде берілуге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерін айқындайды және осындай операциялар бойынша өтпелі кезенді белгілейді.";

1 және 2-тармақтар мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Банктің активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операция, оның ішінде қайта құрылымдау жүргізілген бас банк және еншілес банк арасындағы активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операция банктің кредиторлары мен депозиторларының мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) активтер мен міндеттемелерді беру жөніндегі операция – бас банк және еншілес банк арасындағы операцияларды қоспағанда, беруші банктің активтер мен міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде иеленуші банкке (иеленуші банктерге) бірмезгілде беру жөніндегі операция;

2) бас банк – активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі шартқа сәйкес күмәнді және үмітсіз активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде

еншілес банкке өткізетін және салымдарды орналастыруға және ұлттық басқарушы холдингтің алынған қарыздарына байланысты міндеттемелерді қоспағанда, активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде және міндеттемелерді толық мөлшерде еншілес банктен қабылдайтын бас банк;

3) бас банк және еншілес банк арасындағы операция – салымдарды орналастыруға және ұлттық басқарушы холдингтің алынған қарыздарына байланысты міндеттемелерді қоспағанда, еншілес банктен активтер мен міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде бас банкке бірмезгілде беру және бас банктен күмәнді және үмітсіз активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде еншілес банкке беру жөніндегі операция;

4) беруші банк – активтер мен міндеттемелердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) өткізетін банк;

5) еншілес банк – Банктер туралы заңға сәйкес өзіне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген, салымдарды орналастыруға және ұлттық басқарушы холдингтің алынған қарыздарына байланысты міндеттемелерді қоспағанда, активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде және міндеттемелерді толық мөлшерде бас банкке беретін және активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі шартқа сәйкес бас банктен күмәнді және үмітсіз активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде қабылдайтын еншілес банк;

6) иеленуші банк – активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі шартқа сәйкес беруші банктің активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін не олар толық мөлшерде берілетін банк;

7) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

4-тармақтың екінші абзацы мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Беруші банктің активтер мен міндеттемелерінің бір бөлігі не олар толық мөлшерде иеленуші банкке активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі шарт негізінде өткізіледі.";

12 және 13-тармақтар мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"12. Уәкілетті орган активтерді және міндеттемелерді беру жөніндегі операцияны келіскеннен кейін беруші банк бір ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде, Банктер туралы заңның 61-2-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде белгіленген қарсылық білдіру мерзімін және олар қабылданатын мекенжайды көрсете отырып, беруші банктің активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде беру туралы хабарландыру жариялайды.

13. Беруші банктің активтерінің және міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде беру туралы хабарландыруды жариялау күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң, беруші банк беруші банктің өздерінің алдындағы міндеттемелерін иеленуші банкке беруден бас тартқан депозиторлардың және (немесе) кредиторлардың тізімін қалыптастырады.";

15-тармақ мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"15. Беруші банктің активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не оларды толық мөлшерде, сондай-ақ тиісті құжаттарды (шарттарды, кредиттік істерді, куәліктерді және басқа құжаттарды) иеленуші банкке (иеленуші банктерге) беру екі данадағы өткізу актісімен ресімделеді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Иеленуші банкке берілген депозиттер бойынша депозиторларға тиісінше қызмет көрсету мақсатында жиырма бір айдан аспайтын мерзімге өтпелі кезең белгіленеді, осы кезеңде беруші банк депозиторларының банк шоттарын жүргізу Банктер туралы заңның 61-2-бабының 7-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері 2015 жылғы 27 мамырдан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.";

20-тармақтың бірінші бөлігі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"20. Еншілес банктен бас банкке активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде және салымдарды орналастыруға және ұлттық басқарушы холдингтің алынған қарыздарына байланысты міндеттемелерді қоспағанда, міндеттемелерді толық мөлшерде бірмезгілде беру жөніндегі операция және бас банктен еншілес банкке күмәнді және үмітсіз активтердің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде беру активтерді және міндеттемелерді бірмезгілде беру туралы бір шарттың шеңберінде жүргізіледі.";

28-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Банктер туралы заңның 61-4-бабы 9-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында – бас банк пен еншілес банктің арасында операцияны жүзеге асырған күннен бастап кемінде жиырма бір ай қолданылады.

Осы тармақшаның ережелері 2015 жылғы 27 мамырдан бастап туындаған қатынастарға қолданылады;"

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
банк қызметі мәселелері
бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.11.2019 № 196 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
банк қызметі мәселелері
бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.11.2019 № 196 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
банк қызметі мәселелері
бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі
басқармасының
2006 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 216 қаулысына
қосымша
Нысан

(депозиттерге міндетті кепілдік
беруді жүзеге асыратын
ұйымның атауы)

Күні 20__ жылғы "____" _____

Өтініш

Екінші деңгейдегі банк _____

(банктің толық атауы)

(бұдан әрі - Банк)

негізінде

(жарғы, бұйрық, сенімхат немесе өзге құжаттың)

іс-әрекет ететін, _____

_____ атынан

(лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіру үшін банктің қосылу шартына қосылады.

Банк қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі

уәкілетті орган берген депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және

жүргізу бойынша операцияны қоса алғанда, банктік операцияларды жүргізуге арналған

20 ____ жылғы " ____ " _____ лицензияны 20 ____ жылғы " ____ " _____ алды.

Банк "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында және қосылу шартында көзделген қатысушы банктің міндеттемелерін өзіне қабылдайды.

Банк деректемелері:

_____ (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы

_____ анықтамаға сәйкес банктің қазақ және

_____ орыс тілдеріндегі атауы)

_____ (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

_____ туралы анықтаманың куәліктің берілген күні)

_____ (заңды мекенжайы)

_____ (нақты мекенжайы)

корреспонденттік шоттың нөмірі)

(банктік сәйкестендіру коды)

Бірінші басшы _____

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

Мөр орны (бар болса)

(ҚОЛЫ)

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
банк қызметі мәселелері
бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
4-қосымша

Банктің, банк холдингінің ірі
қатысушысы, сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымының,
сақтандыру холдингінің ірі
қатысушысы, инвестициялық
портфельді басқарушының
ірі қатысушысы мәртебесін
иеленуге келісім беру,
оны кері қайтарып алу
қағидаларына және көрсетілген
келісімді алу үшін табыс
етілетін құжаттарға қойылатын
талаптарға 1-қосымша
Нысан

Өтініш беруші заңды тұлғаның басшы қызметкері, өтініш беруші жеке тұлға туралы қысқаша деректер

(қаржы ұйымының атауы)

1. Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі

2. Азаматтығы

3. Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері

4. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

5. Пошталық мекен-жайы және (немесе) жұмысының орналасқан жері, байланыс телефоны

6. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-аналары, інілері (ағалары), әпа-сіңлілері (қарындастары) балалары) және жегжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-аналары, інілері (ағалары), әпа-сіңлілері (қарындастары), балалары) туралы мәліметтер:

| № | Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) | Туған жылы | Туыстығы | Жұмыс орны және лауазымы | Жарғылық капиталға қатысу сомасы/ атауларын көрсете отырып, заңды тұлғалардың сатып алынған акцияларының құны (мың теңгемен) | Осы тұлғаға тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен) | | | |
|---|--|------------|----------|--------------------------|--|--|--------|--|--|
| | | | | | | Жеке иелену | | Бірлесіп иелену | |
| | | | | | тікелей | жанама | пайызы | заңды тұлғаның атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) | |
| 1 | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | |

7. Білімі:

| Оқу орнының атауы | Түскен күні - аяқтаған күні | Мамандығы | Білімі туралы дипломының деректемелері, біліктілігі | Оқу орнының орналасқан жері |
|-------------------|-----------------------------|-----------|---|-----------------------------|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

8. Соңғы үш жылда біліктілікті арттыру бойынша семинарлардан, курстардан өткендігі туралы мәліметтер:

| Ұйымның атауы | Өткізілген күні және орны | Сертификаттың деректемелері |
|---------------|---------------------------|-----------------------------|
| | | |
| | | |
| | | |

9. Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

| Жұмыс кезеңі | Жұмыс орны | Лауазымы | Тәртіптік жазалардың болуы | Жұмыстан шығу, лауазымынан босатылу себептері |
|--------------|------------|----------|----------------------------|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

10. Өтініш беруші жеке тұлға немесе өтініш беруші заңды тұлғаның басшы қызметкері

бұдан бұрын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау

жөніндегі уәкілетті орган қаржы ұйымын, холдингті консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп

сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату

немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкрот деп тану

туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жыл бұрын аспайтын кезеңде қаржы ұйымының

(банк немесе сақтандыру холдингінің) басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы

органының басшысы, мүшесі (тіркеуші трансфер-агенттің атқарушы органының функциясын

жеке жүзеге асыратын адам және оның орынбасары), бас бухгалтері, заңды тұлғаның жеке

тұлға - ірі қатысушысы, ірі қатысушысының басшысы және (немесе) қаржы ұйымының (банк

немесе сақтандыру холдингінің) басшы қызметкері болғандығы туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

11. Өтініш беруші жеке тұлға немесе өтініш беруші заңды тұлғаның басшы қызметкері

бұдан бұрын қаржы ұйымының басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қатарынан төрт және одан астам кезең ішінде

шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша

дефолтқа жеткізген не дефолтқа жеткізілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар

бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша берешек сомасы купондық сыйақының төрт

еселік және (немесе) одан астам мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы

қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлем жасау күніндегі

республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе

асатын соманы құрайтын эмитент – заңды тұлғаның – ірі қатысушысы (ірі акционердің) жеке

тұлғасы, ірі қатысушысының (ірі акционердің) басшысы, басқару органының мүшесі,

атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болғандығы туралы мәліметтер

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

12. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі

уәкілетті органның қаржы ұйымдарында, банк және сақтандыру холдингтерінде,

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамында басшы қызметкер

лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу және басшы және өзге қызметкерді қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тағайындауға (сайлауға) келісімді

қайтарып алуға негіздері және осындай шешімді қабылдаған мемлекеттік органның атауы көрсетілсін)

13. Тағайындау (сайлау) күніне дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмысты жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды ма

(иә (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаты,

жауапкершілікке тартудың негіздерін көрсете отырып

тәртіптік жазаны немесе сот шешімін қолдану туралы актінің деректемелері).

14. Бар жарияланымдары, ғылыми әзірлемелері және басқа жетістіктері:

Осы ақпарат тексерілгенін және ол дәйекті және толық болып табылатынын растаймын,

сондай-ақ мінсіз іскерлік беделдің болуын растаймын. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін

қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен

қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші жеке тұлға

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), баспа әріптерімен толтырылады)

(қолы)

Заңды тұлғаның басқарушы қызметкерінің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

(басқарушы қызметкер өз қолымен баспа әріптерімен толтырылады)

(қолы)

Заңды тұлға - өтініш берушінің атқарушы органының бірінші басшысы

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), баспа әріптерімен толтырылады)

(қолы)

Мөр орны (бар болса)

Күні

банк қызметі мәселелері
бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
5-қосымша

Банктің, банк холдингінің ірі
қатысушысы, сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымының,
сақтандыру холдингінің ірі
қатысушысы, инвестициялық
портфельді басқарушының
ірі қатысушысы мәртебесін
иеленуге келісім беру,
оны кері қайтарып алу
қағидаларына және көрсетілген
келісімді алу үшін табыс
етілетін құжаттарға қойылатын
талаптарға 2-қосымша

Өтініш беруші жеке тұлғаның, өтініш беруші заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер

1. Алынбаған немесе өтелмеген соттылығы болуы туралы мәліметтер:

| Күні | С о т органының атауы | Соттың орналасу орны | Жазаның түрі | 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің не 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы | С о т процессуалдық шешімді қабылдау күні |
|------|-----------------------------|----------------------------|-----------------|--|--|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

2. Өтініш беруші ірі қатысушы не басшы қызметкері болып табылған кезеңде заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі нашарлау немесе банкроттық фактісі болуы:

3. Қаржы ұйымымен үлестес болуы (болмауы):

(иә (жоқ), үлестес болудың белгілері көрсетілсін)

4. Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат:

Осы ақпарат тексерілгенін және дәйекті және толық болып табылатынын растаймын.

Өтініш беруші – жеке тұлға

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), баспа әріптерімен толтырылады)

(қолы)

Заңды тұлғаның басшы қызметкерінің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

(басшы қызметкер өз қолымен баспа әріптерімен толтырады)

(қолы)

Өтініш беруші – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысы

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), баспа әріптерімен толтырылады)

(қолы)

Мөр орны (бар болса)

Күні

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
банк қызметі мәселелері
бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
6-қосымша
Банктің, банк холдингінің ірі
қатысушысы, сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымының,
сақтандыру холдингінің ірі
қатысушысы, инвестициялық
портфельді басқарушының
ірі қатысушысы мәртебесін
иеленуге келісім беру,
оны кері қайтарып алу
қағидаларына және көрсетілген
келісімді алу үшін табыс
етілетін құжаттарға қойылатын
талаптарға 3-қосымша

Өтініш берушінің кірістері мен мүлігі туралы мәліметтер, сондай-ақ оның барлық міндеттемелері бойынша болған берешегі туралы ақпарат

1. Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

2. Жеке басын куәландыратын құжаттың атау мен деректемелері

(сериясы, нөмірі, кім және қашан берді)

3. Есеп беретін тұлға жарғылық капиталында ірі қатысушысы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы

4. Заңды мекенжайы және (немесе) тұрғылықты жері

5. Телефоны:

үй _____

жұмыс _____

6. Есепті кезең

7. Өтініш берушінің кірістері мен мүлігі, сондай-ақ оның барлық міндеттемелері бойынша болған берешегі туралы ақпарат

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|-----|--|---|---|---|--|
| 3.3 | Міндеттемелер бойынша өзге берешек (талдамасын қоса бере отырып) | X | X | X | |
| 3n | | X | X | X | |

Осы ақпарат тексерілгенін және дәйекті және толық болып табылатынын растаймын.

Өтініш беруші

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

(қолы)

Мөр орны (бар болса)

Күні